

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:

«Айша» бөбекжай меңгерушісі:

Тулесгалиева Б.Е.



Тақырыбы: «Із кесуші»



«Ботақан» кіші жас тобы тәрбиешісі: Сұлтанбек А.

2025 - 2026 жыл

«Із кесуші» ертегісін тамашалау

Мақсаты: Балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы байқампаздыққа, ойлау қабілетіне, табиғатты аялауға және достыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті балалар! Бүгін біз қызықты да танымдық «Із кесуші» ертегісін тамашалаймыз. Ертегі бізді байқампаз болуға, табиғаттың сырын түсінуге және достықты бағалауға үйретеді.

Жүргізуші:

Ертегіні тамашаламас бұрын мына сұрақтарға жауап беріп көрейік:

Із дегеніміз не?

Орманда қандай жануарлар өмір сүреді?

Жануарлардың ізін қалай ажыратуға болады?

(Балалардың жауаптары тыңдалады.)

Жүргізуші:

Өте жақсы! Ендеше бәріміз ертегіні мұқият тамашалап, кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аударайық.

«Із кесуші» ертегісі көрсетіледі.

Ертегіден кейінгі әңгімелесу:

Ертегі сендерге ұнады ма?

Басты кейіпкер кім болды?

Ол қандай жақсы қасиеттер көрсетті?

Ертегіден қандай ой түйдіндер?

Егер сен із кесуші болсаң, табиғатты қалай қорғар едің?

Сергіту сәті:

Балалар жануарлардың қимылдарын салып, олардың іздерін табу ойынын ойнайды.

Қорытынды:

Жүргізуші балалардың жауаптарын қорытындылап, табиғатты қорғау, жануарларға қамқор болу және байқампаздықтың маңызын атап өтеді.

Жүргізуші:

Бүгінгі ертегіден көп нәрсе үйрендік. Әрқашан ізденімпаз, байқампаз және табиғатты сүйетін балалар болып өсейік! Қатысқандарыңызға рақмет!

Анықтама

Өткен күні: 04.07.2026 жыл.

Тобы: «Еркемай» ортаңғы тобы

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің ертегіге деген қызығушылығын арттыру, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы байқампаздыққа, ойлау қабілетін дамытуға, табиғатты аялауға және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ету.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер «Із кесуші» ертегісін қызығушылықпен тамашалады. Ертегі аяқталғаннан кейін оның мазмұны бойынша сұрақ-жауап ұйымдастырылып, балалар кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз бағаларын беріп, алған әсерлерімен бөлісті. Сонымен қатар табиғатқа қамқорлық жасау, жануарларды қорғау және байқампаз болудың маңызы туралы әңгіме жүргізілді.

Іс-шараға тәрбиеленушілер белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Нәтижесінде олардың тыңдау, түсіну, ой қорыту және байланыстырып сөйлеу дағдылары дамып, табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімі арта түсті.

Өткізілген іс-шара өз мақсатына жетіп, тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын арттыруға және рухани-адамгершілік тәрбиесін нығайтуға оң ықпал етті.

Қатысушылар саны: 15

Қатысқан тәрбиешілер саны: 2

Инстаграм

<https://www.instagram.com/reel/DbhgV0yq51P/?igsh=MW1uczN5b2Flb3pvZw=>

≡

